

Мирамбаева Г.Ж.

**Тікелей демократия
институтының теориялық
мәселелері**

Бұл мақалада тікелей демократия институтының теориялық мәселелеріне талдау жасалынады. Мақаланың мақсаты тікелей демократия институтының теориялық-құқықтық маңыздылығын көрсету. Тікелей демократия құқықтық мемлекетті құруда аса маңызды құндылық болып табылады. Демократияның осы түрінің заңнамалық бекітілуі арқылы, халықтың билікке араласуы жүзеге асырылады. Мақалада құқықтың талдау, салыстыру және тарихи құқықтық әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: демократия, мемлекет, құқықтық мемлекет, парламент, құқық, құқықтың қайнар көздері, қағидалар.

Mirambaeva G.Zh.

**Theoretical problems of direct
democracy**

This article analyses of the theoretical problems of the institute of direct democracy. The aim of the article is to consider the theoretical and legal significance of direct democracy. Institute of the direct democracy is the most important value in building a constitutional state. By fixing this kind of democracy can be implemented democracy. The paper used legal methods as analysis, comparison and historical – legal method.

Key words: democracy, government, rule of law, parliamentary law, sources of law principles.

Мирамбаева Г.Ж.

**Теоретические проблемы
непосредственной демократии**

В данной статье анализируются теоретические проблемы института непосредственной демократии, показывается теоретико-правовая значимость непосредственной демократии. Институт непосредственной демократии является важной ценностью в становлении правового государства. Путем закрепления этого вида демократии могут осуществлять народовластие. Автором использованы правовые методы, такие как анализ, сравнение, а также историко-правовой метод.

Ключевые слова: демократия, государство, правовое государство, парламент, право, источники права, принципы.

**ТІКЕЛІ
ДЕМОКРАТИЯ
ИНСТИТУТЫНЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ
МӘСЕЛелЕРІ**

Демократия – адамзат қоғамының басты элементі. Оның қалыптасу процесі қоғам тарихының дамуымен бірге ұзақ уақытта болды. Демократия ұғымы ғылымда әрқашан әртүрлі көзқараста талқыланып келді. Сондықтан, ол туралы сан қилы тұжырымдар болғандығы таңқалатын мәселе емес [1, 5]. Біріншіден, ғалымдар демократияны билікті жүзеге асыру әдіс-тәсілдері деп түсіндірсе, екіншілері оны мемлекеттің нысаны деп, ал енді ғалымдардың үшінші тобы сыныптық сипатына сүйенеді. Төртінші топтағы ғалымдар демократияны мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысаны деп түсіндіреді. Жалпы мағынада демократия «халықтың билігі» деген мағынаны білдіреді (ежелгі грек тілінен аударғанда «Demos» – халық, «Cratos» – билік). Демократия халықтың билігі, яғни халықтың атынан оның мүддесі үшін жүзеге асырылатын билік [2, 12]. Алайда, демократия кез келген нақты тарихи сатыда – ол тек қана мемлекеттің жария билігін жүзеге асырудың институционалды рәсімдеудің ережелері болуымен ғана шектелмеген. Өзінің бастапқы өркениетті мәніндегі демократия, ол азаматтардың саналы түрде мемлекеттік басқарудың және саясаттың толыққанды субъектісі бола тұра мемлекеттік билікті ұйымдастыруға, қызмет етуіне қатысуы. Халық билігін жүзеге асыру кез келген мемлекетте халықтық биліктің болуымен сипатталады. Сонымен, демократия дегеніміз мемлекеттік биліктің негізгі қайнар көзі, құқықтар мен бостандықтар, еркін өмір сүруге мүмкіндік берілген халық болып табылатын, қоғамды саяси ұйымдастырудың нысаны [3, 33]. Аталғандарға сүйене отырып демократияның белгілерін қарастырамыз:

- демократия – қоғамның саяси ұйымдастырылуының нысаны;
- демократия мемлекеттік басқаруда қолданылатын әдіс-тәсілдердің көрінісі болып табылады;
- демократиялық мемлекетте биліктің негізгі қайнар көзі халық болып табылады;
- демократиялық қоғамда азаматтар адамның, адамзаттың еркін қалыптасуына, дамуына мүмкіндік беретін құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

XVIII ғ. ғалымдары адам заңмен тыйым салынбағандардың барлығы жасауға құқылы деген. Демократиялық қоғамда адам-

дар мамандықты, қызмет түрін таңдауға және сайлауға, сайлануға құқылы болып келеді [4, 243]. Халықтың еркін жүзеге асыру нысанына қарай ғылымда және конституциялық-құқықтық тәжірибе тікелей демократия және өкілді демократия ажыратылады [5, 176].

Тікелей демократия институты, өкілді демократия институтынан ертерек қалыптасқан және ол туралы Гомердің туындыларында да кездеседі. Екі антикалық ұлы мемлекеттерде Ежелгі Афина мен Ежелгі Римде – саяси билікті алып жүретін звено азаматтық қоғам болатын. Бұл жерде азаматтарға заңдарды қабылдауға және мемлекеттік басқару органдарының құрамын сайлауға мүмкіндік беретін тікелей демократия жүйесінің элементтері анық байқалған. Мемлекет азаматтарының мемлекет істерін басқаруға қатысу мәселелері, сонымен қатар антикалық философтарының еңбектерінде де бар. Демокрит, Платон, Аристотель еңбектері тікелей демократиямен байланысты. Осылайша, Демокрит грек құлиеленушілік демократияны жақтаған. Ал, Сократ, азаматтардың белгілі бір топтарынан құралатын аристократтардың билігін қолдаған. Платон көзқарасы бойынша, демократия мемлекетті басқарудың тирианиямен қатар тиімсіз құралы. Аристотель өз еңбектерінде, азаматтардың белсенді қызметіне мән берді. Аристотельдің пікірінше, еркін азаматтар мемлекетін басқару ісіне қатысуға міндетті [6, 14].

Сонымен оны мәселелерді зерттеп анықтау үшін, алдымен, тікелей демократия ұғымын ашып алуымыз қажет. Мұндай ұғымды анықтау үшін, бұл институтты өзге институттардан ерекшелендіретін белгілерге сүйене отырып бастапқы көзқарастарды нақты анықтауды қажет етеді. Нақты ұғымның болмауы тікелей демократия институтын демократияның өзге түрлерінен ажыратуда қиындық тудырады және де ол зерттеу жұмыстарының нәтижесіне әсер етіп қана қоймай, оның ғылыми құндылығының жоғалуына себепкер болады.

Тікелей демократиямен айналысатын ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып қарастыру, бірқатар теориялық-әдістемелік қорытындылар жасауға септігін тигізеді.

Тікелей демократияны анықтауда, ғылыми қауымның көп қолдау көрсеткен пікір ол профессор В.Ф. Котоктың пікірі бойынша, тікелей демократия – ол халық бастамашылығы және өзіндік қызметі, мемлекеттік шешімдерді жасаудағы және қабылдаудағы, халықтың тікелей еркі, және ол шешімдерді жүзеге асыруға, халықтық қадағалауға тікелей қатысу [7, 3].

Бұл анықтаманың мәні халықтың басқаруға қатысуымен байланысты тікелей ерік білдіру әрекетін қамтиды: біріншіден, халықтың мемлекеттік шешімдерді жасауға және қабылдауға қатысуға, оларды жүзеге асырып, халықтық бақылау қызметін орындау деп көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл қызметтер өздігінен алынбай, мемлекеттік басқарумен бірге қоғамдық қызметпен байланысты болады.

Тікелей демократия ұғымына неғұрлым кең анықтаманы өзге авторлар да береді. Г.В. Барабашеваның және К.Ф. Шереметтің көзқарастары бойынша, тікелей демократия елдегі мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлығын қамтиды, шаруашылық және әлеуметтік мәдени құрылымдағы барлық салаларды және саяси жүйенің барлық сатыларын қамтиды [8, 92].

А.Г. Шахназаров тікелей демократия ұғымын, азаматтардың барлығының тікелей және нақты ерік білдіруі негізінде шешім қабылдайтын тәртіп деп түсіндіреді. Қоғамдық өмірдегі тікелей демократияның ең қарапайым нысаны – партиялық, кәсіподақтық және комсомолдық жиналыстарды, шаруашылық кәсіпорындарда барлық ұжымның қатысуымен өтетін жиналыстарда, колхоздың жалпы жиналысына т.б. халықтың қатысып, дауыс беруі. Тікелей демократияның ең жоғарғы нысаны референдум болып табылады, яғни мемлекеттің бүкіл аумағында немесе оның жекелеген бөліктік аумағында өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру үрдісі [9, 137].

Көрсетілген авторлардың пікірлерінің барлығына ортақ мәселе, ол тікелей демократия әрекет ету шеңберіне тек қана мемлекеттік басқаруды қоспай, сонымен қатар қоғамдық қызметті де атқарады. Бұл көзқарастар, халықтың мемлекеттік басқару қызметіне қатысуымен, қоғамдық өмірді басқару қызметіне қатысуды ажыратып, негіздеуді қажет етеді. Бұл екі қызмет мәні, сипаты, салдары бойынша бір-бірімен сәйкес келмейді. Біздің пікірімізше, тікелей демократия бұл халықтың мемлекеттік басқару істеріне тікелей өздерінің қатысуы, ал халықтың қоғамдық басқаруға қатысуын тек қана шартты түрде қарастырған дұрыс.

«Тікелей басқаруға қатысу», «тікелей халық билігі» терминдері нақтылануды қажет етеді. Профессор И.Е. Фарбердің пікірінше, «Тікелей демократия барысында халық тікелей, ешқандай өкілдерсіз, қоғамды басқару мәселелерін шешеді. Мұндай халықтың тікелей еркін білдіру нысандарына мысал ретінде мемлекеттік билік органдарының сайлауы, референдум, жалпы

жиналыс, және т.б. атауымызға болады». Басқаша айтқанда, И.Е. Фарбер бойынша, тікелей демократияның белгісі болып, халықтың қатысуына кедергі келтіретін қандай да бір құралдардың болмауы. Бұл жағдайда халық, тікелей демократия нысанын қолдану барысында халық ешқандай кедергісіз өз еркін жүзеге асыруға мүмкіндігі болады [10, 119].

Ең алдымен тікелей демократия – демократияның жекелеген түрлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, бұл институт жалпы демократияның дамуына, заңдылықтарына, маңызды белгілеріне бағынады. Оның өкілдік демократиямен ортақ белгілері де бар. Сонымен қатар, тікелей демократия өкілдік демократиядан өзіндік ерекшеліктерімен спецификалық белгілерімен ажыратылады. Бұларды бірыңғай ұғым ретінде қабылдауға болмайды, бұл тек теориялық емес, сонымен қатар тәжірибелік сипаттағы қателіктерге әкеп соқтырады. Аталғандардан, тікелей демократия ұғымын анықтап алу үшін ең алдымен, демократияның жалпы ұғымының мәнін ашып, екіншіден, тікелей демократияны өкілді демократия институтынан ажыратып қарастыру қажет. Бұл шарттарды орындамайынша, нақты тікелей демократияның мәнін, оның қоғам өмірінде алатын ролін анықтау мүмкін емес.

Демократия биліктің қызметімен тікелей байланысты ұғым. Нақты мағынада, демократия қоғамда халықтың билігін жүзеге асыруын не болмаса билікті жүзеге асыруға қатысуын білдіреді. Мемлекеттік – ұйымдастырылған қоғамда демократия бірінші кезекте, мемлекеттік билікті жүзеге асыру мен қолдануды білдіреді, ал нақтырақ айтсақ, халықты мемлекеттік басқаруға тарту дегенді білдіреді. Әлбетте, тек халықпен билікті толығымен жүзеге асыру тәжірибелік тұрғыда мүмкін емес, себебі, халық мемлекеттің барлық мәселелері жөнінде толық хабардар болмауымен байланысты құқықтық мәдениеті жетіспейді. Дегенмен де, халық билікті жүзеге асыру үшін өз өкілдеріне беруі мүмкін. Соған қарамастан, қоғамды мемлекеттік басқару мәселелері жартылай немесе толығымен халықтың өзіне берілуі қажет. Мұндай мәселелердің шеңбері кеңейген сайын басқаруды демократияландыру мүмкіндіктері де арта түседі.

Тікелей демократия субъектісі туралы мәселені шешуге тоқталатын болсақ, өкілді демократия кезінде халықтың өзі басқарушылық процеске қатыспайды, тек, оның атынан билікті уәкілетті халық органдары жүзеге асырады.

Сондықтан, тікелей демократия кезінде халық басқару қызметінің жанама субъектісі ретінде анықталады. Халықты биліктік қызметтің тек қорытынды мәніндегі субъектісі ғана деп атауға болады. Ал ағымдағы барлық басқарушылық жұмыстарды, көбінесе халықтың сенімін ақтамайтын өкілді сенім білдірілген адамдар тобы жүзеге асырады. Ал тікелей демократия кезінде өзгеше жағдай орын алады. Бұл жерде халық басқарушылық қызметті жүзеге асыра отырып, тікелей субъект болып табылады. Бұл жерде тікелей демократияның құндылығы сонда, қоғамның өзі тікелей басқаруға толығымен немесе бір бөлігі болса да өз үлесін қосу мүмкіндігінде.

Тікелей демократияның субъектілік мәселесі нақты нысанға байланысты әр түрлі болып келеді. Сондықтан ол бірыңғай емес, бір жағдайларда, елдің бүкіл сайлау корпусы жөнінде мәселе қойылса (Президентті сайлау кезінде немесе Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісінің құрамын сайлау кезінде) немесе жекелеген аумақтарда (Қазақстандағы маслихаттар сайлауы кезінде, ал енді бір жағдайда, ауылдық және жергілікті қалалық деңгейде (жергілікті өзін-өзі басқару қызмет еткен жағдайда), ал төртінші жағдайда, қоғамдық бірлестік мүшелерінің құрамы туралы мәселе қозғалған кезде (қоғамдық бірлестіктерді басқару ісіне қатыстырған жағдайда және т.б.). Аталған халықтың субъектілігі нысанының әрқайсысының мәртебесі басқа нысандардан ерекшеленеді және бұл ерекшелік заңнамалық деңгейде бекітілген.

Нақты азамат, адам, индивидум көрсетілген тікелей демократияның халықтың субъектілігінің көрсетілген нысанында жойылып кетпейді. Ол өзінің жеке даралығын қандайда бір қызметтің нұсқасын таңдай отырып өзінің позициясын жүзеге асыра алады. Ал бірлескен ұжымдық талқылау кезінде және шешім қабылдау кезінде талқылаудың өзге субъектілерінің көзқарасына ықпал ету мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, заңи күші әрбір жеке азаматтың ерік білдіре отырып, барлығының еркінің жиынтығы нысанында болады. Барлық азаматтар еркінің қорытындысы қойылған мәселенің түпкілікті шешімі болып табылады. Яғни, жалпы шешім барлық жекелеген азаматтардың жеке мүдделерінің жүйеленген қорытындысы болып табылады.

Тікелей демократияға жалпы сипаттама беру барысында, онда қабылданған шешімдердің міндетті немесе міндетті болмауы белгісіне

тікелей байланысты. Тікелей демократияның аталған белгісіне сүйене отырып, кейбір авторлар тікелей демократияны императивтік нысанға және консультативтік сипаттағы нысанға бөліп қарастырады, ал өзгелері – императивтік және кеңесу институты деп бөледі. Бұл көзқарастардың бірқатар терминологиялық ерекшеліктеріне қарамастан ұқсас, мәні бойынша дұрыс ұғымдар. Сондықтан барлығына белгілі тікелей демократияның императивті және консультативтік нысандарын басшылыққа алып зерттеу, бірқатар теориялық нәтижелі қорытындылар жасауға көмектеседі. Бұл нысандар тікелей демократияны неғұрлым терең түсінуге көмектеседі [11, 12].

Тікелей демократияның императивтік нысанының белгілеріне көбінесе референдумды жатқызамыз. 1995 ж. 15 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес, Республикалық референдум – Қазақстан Республикасының Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекет өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру [12]. Анықтамаға сәйкес, референдум барысында, халық заң қабылдайды (соның ішінде Конституцияны) және де мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Референдум қорытындысы басқа жақтың бекітуін талап етпейтін, жоғарғы заңи күшке ие, барлығымен орындалуға жататын түпкілікті шешім болып табылады.

Императивтік нысанға, сонымен қатар мемлекет басшысымен, Парламент мәжілісі депутаттарын, маслихат депутаттарын сайлауы жатады: бұл жерде егер де заң талаптары сақтала отырып өткізілген сайлау болса, сайлау

корпусының қорытындысы міндетті сипатқа ие болады.

Ал, тікелей демократияның консультативтік нысанына тоқталатын болсақ, оған халықтың қатыстырылуымен заң жобасын немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді талқылауы, басқарудың жекелеген мәселелерін талқылау жөнінде қызметкерлердің жиналысын жатқызамыз. Көрсетілген тікелей демократияның нысанындағы халықтың еркі міндетті сипатқа ие болмайды, керісінше, ұсыныстық сипатқа ие болады.

Сонымен, жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, тікелей демократия деп төмендегі демократия белгілеріне сәйкес келетін демократияны айтамыз:

– тікелей демократия, мемлекетті және қоғамды басқаруда халық тікелей ешқандай органның немесе құрылымның араласуынсыз қатысады;

– тікелей демократия басқарушылық қызметтің әр түрлі нысанында көрініс табады (дауыс беру, талқылау, шешім қабылдау), бұл нысандар барлық қоғамның немесе мемлекеттің және қоғамның барлық қатысушыларына міндетті болатын императивтік және міндетті болмайтын ұсыныстық сипатта болады;

– тікелей демократия заңмен көрсетілген мемлекеттің және қоғамның шеңберінде ғана таратылады және нақты мәселелердің тізбесін қамтиды.

Аталған белгілерге сүйене отырып біздің пікірімізше, тікелей демократия институтына мынандай анықтама берген жөн. Тікелей демократия – демократияның бір нысаны ретінде халықтың мемлекет және қоғам өмірінің басқару істеріне ешқандай органдардың немесе құрылымның араласуынсыз, заңмен көзделген негіздер және нақты мәселелер бойынша тікелей өз еріктерін білдіру нысаны.

Әдебиеттер

- 1 История права и демократии: учебное пособие. – Алматы: Бастау, 2002. – 288 с.
- 2 Шомникова Д.В. Непосредственная демократия в Российской Федерации и роль органов внутренних дел в ее реализации: дисс. на соиск. д.ю.н. – М., 2001.
- 3 Ершов Ю.А. Политическая демократия и электорально-правовая культура граждан // Государство и право. – 1997. – №1. – С. 33.
- 4 История права и демократии: учебное пособие. – Алматы: Бастау, 2002. – 288 с.
- 5 Сапарғалиев Ф. С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Изд.3-е доп. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 544 с.
- 6 Очерки по истории и выборов избирательного права: учебное пособие / под. ред. Ю.А. Веденеева, Н.А. Богодаровой. – Калуга, 1997. – 360 с.
- 7 Коток В.Ф. Проблемы развития непосредственной демократии в Советском государстве: автореферат на соискание ученой степени д.ю.н. – М., 1965.
- 8 Барабашева Г.В., Старовойтов Н.Г., Шеремет К.Ф. Советы народных депутатов на этапе совершенствования социализма. – М.: Изд-во «Юридическая литература» 1987. – 361 с.

- 9 Шахназаров Г.Х. Социалистическая демократия. Некоторые вопросы теории. – М.: Политиздат, 1974. – 256 с.
- 10 Фарбер И.Е. Советское государственное право. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1979.
- 11 Баймаханова Д.М. Конституционные проблемы развития непосредственной демократии (на материалах Республики Казахстан): дисс.на соискание ученой степени к.ю.н. – Алматы, 1998. – 26 с.
- 12 «Республикалық референдум туралы» 1995 ж. 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

References

- 1 Istorija prava i demokratii: uchebnoe posobie. – Almaty: Bastau, 2002. – 288 s.
- 2 Shomnikova D.V. Neposredstvennaja demokratija v Rossijskoj Federacii i rol' organov vnutrennih del v ee realizacii: diss. na soisk. d.ju.n. – M., 2001.
- 3 Ershov Ju.A. Politicheskaja demokratija i jelektoral'no-pravovaja kul'tura grazhdan // Gosudarstvo i pravo. – 1997. – №1. – S. 33.
- 4 Istorija prava i demokratii: uchebnoe posobie. – Almaty: Bastau, 2002. – 288 s.
- 5 Sapargaliev F. S. Konstitucionnoe pravo Respubliki Kazahstan: Akademicheskij kurs. – Izd.3-e dop. – Almaty: Zheti zharry, 2007. – 544 s.
- 6 Oчерki po istorii i vyborov izbiratel'nogo prava uchebnoe posobie / pod. red. Ju.A. Vedeneeva, N.A. Bogodarovoj. – Kaluga 1997. – 360 s.
- 7 Kotok V.F. Problemy razvitija neposredstvennoj demokratii v Sovetskom gosudarstve: avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni d.ju.n. – M., 1965.
- 8 Barabasheva G.V., Starovojtov N.G., Sheremet K.F. Sovety narodnyh deputatov na jetape sovershenstvovanija socializma. – M.: Izd-vo «Juridicheskaja literatura» 1987. – 361 s.
- 9 Shahnazarov G.H. Socialisticheskaja demokratija. Nekotorye voprosy teorii. – M.: Politizdat, 1974. – 256 s.
- 10 Farber I.E. Sovetskoe gosudarstvennoe pravo. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo universiteta, 1979.
- 11 Bajmahanova D.M. Konstitucionnye problemy razvitija neposredstvennoj demokratii (na materialah Respubliki Kazahstan): diss.na soiskanie uchenoj stepeni k.ju.n. – Almaty, 1998. – 26 s.
- 12 «Республикалық референдум туралы» 1995 ж. 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.